

6D011300 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Батаева Дариға Серікқызының «Күріштің тұзға төзімділік әдістерін оқу үдерісінде пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, мемлекеттік бағдарламаларымен (практиканың және ғылыми техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

XXI ғасырда білім мен ғылым саласында болып жатқан өзгерістер болашақ мамандар даярлауда жоғары мектептің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Жоғары білімді дамытудың негізгі үдерісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысы, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Bilim jáne Gylym» атты тамыз конференциясында: білім саласы – экономиканың дамуына ықпал ететін маңызды бағыт, тіпті, экономиканың толыққанды бір саласы екенін атап, қазіргі жаһандану дәуірінде жаңа технологияның қарқынды дамуы, адам капиталына, білім саласына қойылатын талаптары жөнінде сөз қозғады. Сапалы білім қарқынды дамудың басты шартына айналып, білімі терең, ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін мұғалімдер қауымына зор жауапкершілік жүктелді. Осы орайда, білім сапасын көтеру үшін кешенді шаралар қабылдау, бұл, алдымен, мұғалімдердің біліктілігіне, оқулықтардың сапасына, заман талабына сай инфрақұрылым мен материалдық қорға байланысты екендігі айтылды. Сонымен қоса, «Педагог мәртебесі» заң жобасын қабылдау, ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін педагог мәртебесін көтерудің қажеттігі күннен-күнге артып отырғанын дәлелдейді.

«Қазақстан жолы-2050:бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты стратегиялық жолдауында жариялағандай, білім берудің ұлттық жүйесін реформалау жағдайларындағы оның рөлі Қазақстанның дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына қосылуы. Сол себептен, ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру және қоғамдық сұраныстарға жауап беру мақсаттарына сәйкес жалпы білім беруді жетілдірудің негізіне құзыреттілік тәсілді алу ұсынылып, қазіргі жаңартылған білім беру мазмұныны мен білім беру бағдарламаларын дайындауда әдіснамалық негізге алынған. Сонымен қатар биологиялық білім беруде күріштің тұзға төзімділігін анықтау әдістерін оқу үдерісінде пайдалануда болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға алғы шарт ретінде қарастырады.

Ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында әлеуметтік

жаңғырудың жаңа кезеңінде білім беру сапасын жақсарту міндеттерін айқындады. Осы орайда болашақ мамандарды даярлауда отандық жүйені жақсарту, білікті педагог кадрлардың тапшылығын жою, жоғары білім беру сапасын көтеру бағыттарына басымдық беріп отырғанда, жаңа инновациялық технологияларды қолданып, күріштің тұзға төзімді линияларын алу әдістерін пайдалану туралы болашақ мұғалімдерге білім беру мен практикада өсімдіктердің абиотикалық факторларға төзімді түрлерін алуды үйретуді қарастыруы диссертациялық жұмыстың өзектілігіне күмән келтірмейді. Жұмыстың құндылығы ғылымды практикамен ұштастыра отырып, ғылыми нәтижені білім беру барысында қолдана білуге үйрету, болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда басты мәселе екендігін көрсете білгендігенде деп есептеймін.

Осы тұрғыдан алғанда докторант Батаева Дариға Серікқызының философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған диссертациялық жұмысы теориялық зерттеуімен және практикалық маңыздылығымен өте көкейкесті.

2. Диссертацияларға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелері

Зерттеу жұмысының мақсаты - күріштің тұзға төзімділігін анықтау әдістерін оқу үдерісінде пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық негіздеу және оқу үдерісінде пайдаланудың әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелдеуге арналған. Жұмыстың мақсатын сәйкес, зерттеу барысында диссертант төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

Бірінші нәтиже: күріштің тұзға төзімді линияларын алу әдістерін оқу үдерісінде пайдалана отырып, болашақ биолог мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін саралағаны;

Екінші нәтиже: күріштің тұзға төзімділігін анықтау әдістерін болашақ биолог мұғалімдерге үйретудің құрылымдық-мазмұндық моделін құруы;

Үшінші нәтиже: биолог мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда күріштің тұзға төзімділігін анықтаудың әдістемесін ұсынғаны және оқу үдерісіне ендіргені;

Төртінші нәтиже: биолог мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелдегені.

3. Диссертанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

Бірінші нәтижесінің негізделуі және шынайылық дәрежесі - диссертанттың болашақ биолог мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін зерттеу нәтижесін қолданудың теориялық мәселелерін саралауда жеке ойын тұжырымдап, өзіндік қорытынды жасай білгендігінде;

Екінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – күріштің тұзға төзімділігін анықтау әдістерін болашақ биолог мұғалімдерге үйрету әдістемесінің ерекшеліктерін анықтауға бағытталған құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынуы;

Үшінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – болашақ биолог мұғалімдердің күріштің тұзға төзімді линияларын алу бойынша зерттеу нәтижелерін қолданудың әдістемесін ұсынып, «Астық тұқымдастар селекциясы» элективті пәнінің мазмұны толықтырылып, «Өсімдіктер физиологиясы» пәнінің бір бөлімінің мазмұны жаңартылып, оқу-әдістемелік құралының оқу үдерісіне ендірілгендігінде;

Төртінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі - зерттеу нәтижелерін қолданудың әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп, дәлелденгені және нәтижелерді қорғауға ұсынуы.

4. Диссертанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағиданың) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Бірінші нәтиже жаңа, себебі биологиялық білім беру мазмұнында тұзға төзімді күріш дақылының физиологиялық-генетикалық ерекшеліктері нақтыланып, ғылыми-зерттеу нәтижелерін қолданудың теориялық негіздері айқындалғаны;

Екінші нәтиже де жаңа, өйткені күріштің тұзға төзімділігін анықтау әдістерін болашақ биолог мұғалімдерге үйретуге бағытталған құрылымдық-мазмұндық моделі жасалғаны;

Үшінші нәтиже жаңалығы, болашақ биолог мұғалімдердің күріштің тұзға төзімді линияларын алу бойынша зерттеу нәтижелерін қолданудың толықтырылған мазмұны мен оқыту әдістемесі ұсынылып, «Астық тұқымдастар селекциясы» мен «Өсімдіктер физиологиясы» элективті пәндерінің оқу үдерісіне ендірілгені;

Төртінші нәтиженің, болашақ биолог мұғалімдердің күріштің тұзға төзімді линияларын алу бойынша зерттеу нәтижелерін қолдану әдістемесі тиімділігінің эксперимент жүзінде дәлелденуі және нәтижелерінің қорғауға ұсынылуы қағидаларының жаңалығын растайды.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы Диссертанттың зерттеу жұмысында қол жеткізген нәтижелері ішкі бірлікпен сипатталады және күріштің тұзға төзімділік әдістерін пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Диссертант зерттеу міндеттерін қатаң логикалық бірзділікпен ашып көрсете білген.

6. Диссертанттың алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы Алынған әрбір ғылыми жаңалық биологиялық білім беру теориясы мен практикасының дамуына маңызды үлес қоса алатын тұтас педагогикалық жүйелілікті сақтайды. Зерттеу жұмысында күріштің тұзға төзімді линияларын алу әдістерін оқу үдерісінде пайдалануда болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру ғылыми тұрғыда негізделіп, оны қалыптастырудың қажеттілігінің көрсетілуі, болашақ биолог мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда күріштің тұзға төзімділігін анықтау әдістерінің құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынуы, оқыту әдістемесі жасалып, қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексерілгені және зерттеу нәтижелері бойынша «Астық

тұқымдастар селекциясы», «Өсімдіктер физиологиясы» элективті пәндерінің жаңартылған мазмұндағы бағдарламасы оқу үдерісіне ендірілгені.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны елімізде және алыс-жақын шетелдерде ұйымдастырылған ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми журналдарда жарық көрген 23 еңбегінде қамтылған. Оның ішінде 3 мақала Scopus және 1 мақала Web of Science мәліметтер базасына кіретін журналдарда жариялануы жұмыстың көкейкестілігін дәлелдейді.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Батаева Дариға Серікқызының докторлық диссертациясы өз бетімен жазылған, толық аяталған жұмыс деп есептеймін. Дегенмен, диссертациялық жұмыста келесідей кемшіліктер орын алған:

1. Диссертанттың зерттеу нәтижелері бойынша құрастырылған элективті пәнінің зертханалық жұмыстарының барысы толық көрсетілсе, жұмыстың мазмұны тереңірек ашылар еді.

2. Диссертация мазмұнында ішінара грамматикалық қателер кездеседі.

Бірақ, көрсетілген ескертпелер диссертациялық жұмыстың ғылыми-әдістемелік құндылығын төмендетпейді.

9. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкестігі

«6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Батаева Дариға Серікқызының «Күріштің тұзға төзімділік әдістерін оқу үдерісінде пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының тұжырымдары нақты және дәйекті, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталған, қолданбалы мәні бар аяқталған жұмыс екендігін негізге ала отырып, оның авторы Батаева Дариға Серікқызын «6D011300 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы



Ж.Б. Чилдибаев

